Мереке шуағы

# АУЫЛДА НАУРЫЗ ТОЙЫ ТОЙЛАНДЫ

Босаға ауылында «Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз» мейрамы ауқымды тойланды. Жиналған көпшілік алдында ауыл ақсақалы Малшыбаев Қойшыбай бата беріп, ауыл әкімі Қазбек, ауылдың ақсақалдар алқасының төрағасы Оразхан Кукенов ақсақал сөз сөйлеп, барша жиналған қауымды Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесімен құттықтады.

Мерекені тамашалауға келген халық арнайы тігілген кигіз үйлерден дәм татып, мерекелік іс-шараларды қызықтады. Мерекелік шарада қошқар көтеру, арқан тарту, асық ату сияқты ұлттық спорт ойындары ұйымдастырылып, ауыл әкімі жеңіске

жеткен спортшыларды Алғыс хаттармен марапаттады. Мәдениет үйінің өнерпаздары шырқаған әндер мен күмбірлеген күйлер мереке шырайын аша түсіп, көпшілікке мерекелік көңіл күй сыйлады.

Айта кетейік, Ұлыстың Ұлы күнін атап өтуге ауылдың кәсіпкерлері, шаруа қожалықтары, мекемелер өздерінің киіз үйлерін тігіп, ұйымдастырылған ұлттық спорттық ойындарға, әртүрлі мәдени іс-шараларға демеушілік көрсеткен.

**Өз тілшіміздің.**

Алғыс

# САНАНЫ СЕРПІЛТКЕН САЯХАТ

Биылғы көгілдір көктемнің алғашқы айы қазыналы Қарағанды аймағындағы көптеген білім қызметкерлері үшін күтпеген тарихи саяхатпен басталды. Ашып айтқанда, ұрпақ санасына білім нәрін сіңіріп жүрген ұлағатты ұстаздар қауымы Рамазан айының алғашқы күндерінде сан ғасырлық тағылымды тарихы бар оңтүстік аймақтың тарихи жерлеріне ат басын тіреді. Оның ішінде Шет ауданынан екі ұстаз болғандығын баса айтқым келеді.Үш күнге созылып, сананы серпілткен саяхат өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жолдама алған жандармен бірге түркі әлемінің рухани Астанасына айналған киелі Түркістан шаһарына соғып, Арыстан баб, Қожа Ахмет Иассауи сынды алып тұлғалардың көрікті кесенелерін аралап, рухтарына тағзым еттік.

Сонымен қатар, шырайлы Шымкент қаласындағы көркі көз арбайтын сұлу орындарда болып, бағзыдан келе жатқан бабалар мұраларын қызықтадық. Бөктері өзгелерге қарағанда бұрынырақ гүлге оранып, таңғажайып

табиғаты таңдай қақтырмай қоймайтын оңтүстік аймағы мен Түркістан қаласында жасанды көлдің үстінде қойылған “Қыз жібек пен Төлеген” спектаклі көрген жанның есінен көпке дейін кетпейтіні белгілі.

Осы орайда, ұстаздар қауымына осындай көтеріңкі көңіл-күй, есті естелік қалдырған саналы саяхат ұйымдастырған “Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымы” қоғамдық бірлестігіне және ауданымыздағы білім қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Қайрат Биғожинге аса зор алғысымызды білдіреміз.

Ұстазын құрметтеген елдің болашағы жарқын, ұрпағы ұлағатты болмақ.

Алдағы уақытта да мұндай игілікті істердің жалғасын таба беруіне тілектеспін.

**Серікбол ТӘЖІБЕКОВ, Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі.**

## Құттықтаймыз!

Ардақ тұтар қадірлі қайным, абзал аға **Көшербай (Көшен) ЖҰМАТАЙҰЛЫ** Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Біз сізді жан жүрегімізбен жарқылдай қуана отырып құттықтап, мерекелі мерейтой күні Сізге денсаулығыңыз күйлі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз! Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын. “Қарттары бар ел-қазынасы бар ел”,- деген сөз бар хал-қымыздa-.Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отыра беріңіз.

Құтты болсын, жан аға 70 жасыңыз,
Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.
Жүзіңізден күлкі кетпей әрқашан,
Мерейлі жүзге жетсін жасыңыз.

Ортамызда аман-есен жүріңіз,
Арта берсін береке-ырыс,бағыңыз!
Бір Жаратқан жар болып, қорғай жүрсін,
Тілек еттік ақ жүректен бәріміз.

**Ізгі ниетпен,** жеңгесі-**Өзипа, бауырлары, күйеубалалары, келіндері.**

## Құттықтаймыз!

**Қадірлі МАЛТАБАРОВ Ерден Рахманұлы!**

Сізді 3-ші сәуір күні 63 зейнеткерлік жасқа толатын мерейлі тойыңызбен және құрметті демалысқа шығуыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, жүрек жарды жылы лебіздерімізді жолдаймыз!

Сіз өнегелі еңбегіңізбен, тындырымды ісіңізбен және қарапайым да парасатты мінезіңізбен үлкен абырой-беделге ие болған ұжымымыздың тәжірибелі, үздік маманысыз. Сізге осы қуанышты сәтте өмірде бақытты, туған-туыс арасында беделді, дос-жолдастарыңызға қадірлі де сыйлы болуды тілейміз! Әрдайым жүзіңіз нұрға, өміріңіз жырға толып, алға қойған үлкен мақсаттарыңызға сүрінбей жете беруіңізге тілектеспіз.

Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, бала-шағаңыз аман, шаттық-қуанышыңыз мол болсын!

Ізгі тілекпен, **аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің ұжымы.**

Бәрекелді!

# ЖАСМИН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «MEGA KORKURS» ЖЕҢІМПАЗЫ

Астана қаласында «Алаш өнер орталығының» ұйымдастыруымен өткізілген ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «MEGA KORKURS» көпжанрлы өнер байқауында “хореография” бойынша өнер көрсетіп, ерекше дарынымен алға суырылып шыққан жерлесіміз, Дәрия кентінің бүлдіршіні Бейсембаева Жасмин Нұрқанатқызы жүлделі І-орынмен оралды.

Кішкентай Жасминді өнердегі жеңісімен құттықтай отырып, шығар тауың биік болып, әркез үміт артқан ата-анаң, ұстаздарыңның үмітін ақтап, мақтанышы бол. Жұлдызың биіктен жарқырай берсін деген тілегімізді арнаймыз.

**Өз тілшіміздің.**

Shet shuǵylasy
Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті
Газеттің құрылтайшысы және меншік иесі М.Д.САДУАҚАСОВ

**Редакция мекен-жайы:** Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. **Газет** аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1351 дана. **Газеттің** басылу сапасына “Арко” баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
**Газет** редакцияда теріліп, беттелді. **тел/факс:** 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.
**Эл. пошта:** Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы “АРКО” баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Директор-редактор **Мейрам Дәулетбекұлы**

**Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы,** жауапты хатшы тел. 50-9-03
**Қасымхан Отыншин,** Ақадыр өңірі бойынша жарнама қабылдаушы тел: 8 7057517898.
**Бухгалтерия** тел. 79-0-81

**Газет** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.